

Титанов Жанат Егинбаевичтің 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1.2 Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі)	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалған. Сонымен қатар жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда. Әрекет уақыты» 2-тарауының «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамтамасыз ету» негізгі міндетін шешеді. Диссертациялық жұмыс ҚР АШМ 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарлама жобасының аясында, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы шеңберінде «Қазақстанның солтүстік өңірі жағдайында импортталған етті малдың үшінші генерациясының бейімделуі және өнімділік сапасы» тақырыбы бойынша орындалған (мем.тіркеу №0118РК00736).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Малдың жерсіндіру қабілетін зерттеу тек шаруашылықтың – пайдалы қасиеттерін анықтау және жаңа ортаның климаттық және азықтық жағдайларына бейімделуін анықтау ғана емес, сонымен қатар жануар ағзасының негізгі физиологиялық үдерістерінің заңдылықтарын тану болып табылады. Бұл үдерістерді білу жануарлардың дамуын басқару тәсілдерін табуға, олардың өнімділігі мен асыл тұқымдық

			сапасын арттыруға мүмкіндік берген. Ж.Е.Титановтың докторлық диссертациясының тақырыбы еліміздің ауыл шаруашылығының дамуына үлес қосатын маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Автордың ғылыми-зерттеу жұмысының бағыты Солтүстік Қазақстан жағдайында абердин-ангустұқымы малының өнімділігінің жоғары генетикалық әлеуетін іске асырудың барынша мүмкін болатын нәтижелерін алу мақсатында малдың импорттық тұқымдарын жерсіндірудің ғылыми негіздерін әзірлеуге негізделген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Автордың жүргізген ғылыми – зерттеу жұмыстарының негізінде шетелден әкелінген етті ірі қара абердин – ангустұқым малдарының аналық табынын іріктеу және жас төлдердің өсіп – дамуына онтайлы селекциялық-генетикалық көрсеткіштері бекітілген. Ғылыми – зерттеу жұмыстарының барлық бөлімдері өзара байланысқан, ішкі бірізділік сақталған. Алынған қорытындылар мен ұсыныстар теориялық методологиялық тұрғыда нақты жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Мал шаруашылығының, соның ішінде мамандандырылған етті ірі қара шаруашылығының дамуы үшін шеттен әкелінетін мал бастарын пайдалану, соның ішінде абердин-ангустұқымының белгілі бір орта жағдайына бейімделу және жерсінуі қабілетілігін зерттеу және тиімді пайдалану мәселелерін шешу бүгінгі күннің актуальды талабы.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;	Диссертацияның мазмұны жұмыстың тақырыбына сай құрастырылған, және ғылыми – зерттеу зерттеудің мақсаты мен

		<p>міндеттерін толық айқындайды.</p> <p>Зерттеу мақсаты: Солтүстік Қазақстан жағдайында шетелден әкелінген еуропалық және канадалық селекциядан алынған абердин-ангус тұқымының үшінші генерациясы төлдерінің өнімділік сапасы мен жергілікті жағдайға бейімділік қасиетін анықтау.</p> <p>Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер анықталды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Импортталған етті бағыттағы абердин-ангус тұқымынан алынған генерация ұрпақтарының құрылымын ажыратылып, дене бітімі және өнімділігі мен азықтандыру ерекшеліктері зерттелген; 2. Еуропалық және канадалық екінші генерация құнажындарының клиникалық - физиологиялық көрсеткіштері мен көбею қабілеттілігі зерттелген; 3. Екінші генерация сиырларының аналық инстинктілігі және төлдердің этологиясы, сүт өнімділігі, сүттің құрамы зерттелген; 4. Еуропалық және канадалық сиырларынан алынған үшінші генерация төлдерінің физиологиялық жетілуі, өсіп-даму ерекшеліктері, клиникалық-физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштері мен табиғи резистенттілік жағдайы анықталған; 5. Үшінші генерация төлдерінің ет өнімділігі, етінің морфологиялық құрамы, сойыс сапасы анықталған; 6. Үшінші генерация төлдерін бағып-күтудің экономикалық тиімділігі анықталды, зерттеу нәтижелеріне өндірістік талдау жасалды және өндіріске ұсыныстар әзірленді. <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сай және толық</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;</p>	

			орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара логикалық байланысқан, ішкі бірізділік сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Шетелдік және отандық ғалымдардың бүгінгі күндегі ғылыми – зерттеу жұмыстарына сілтемелер жасалынды, сыни талдау бар. Ұсынылған жаңа шешімдер нақты дәлелді және ғылыми негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла 1) толығымен жаңа;	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Қорғауға келесі қағидалар ұсынылды: - етті бағыттағы генотипі әртүрлі (канадалық және еуропалық селекция) екінші- үшінші генерация төлдерінің өсіп-жетілуіне және көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлар мен сыртқы орта жағдайының әсері; - сыртқы орта факторлары нәтижесінде импортталған жануарлардың екінші-үшінші генерация ұрпақтарының бейімделу көрсеткіштері бойынша зерттеу нәтижелері; - кейбір клиникалық-физиологиялық, морфологиялық, гематологиялық көрсеткіштерге жыл мезгілінің, генотипінің әсері; - солтүстік Қазақстан өңірі жағдайында импортталған үшінші генерация ұрпақтарының өнімділік көрсеткіштері. Зерттеу нәтижелеріне өндірістік талдау жасалынып, өндіріске ұсыныстар әзірленген. Сонымен қатар етті бағыттағы ірі қармалының суыққа және ыстыққа төзімділігі анықталып, суыққа төзімділігі бойынша өнертабысқа патент алынған («Способ определения холодоустойчивости мясного скота» Өнертабысқа патент

			№34735 (27.11.2020).
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	Мақсатқа жету үшін қолданылатын техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа, себебі етті бағыттағы ірі кара малының суыққа және ыстыққа төзімділігі анықталған және соның негізінде суыққа төзімділігі бойынша өнертабысқа патент алынған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген	Барлық ғылыми – практикалық зерттеу жұмыстары алдын ала жасақталған әдістемеге сай жүргізілген және тұжырымдар эксперименттік жұмыстарды ғылыми талдау негізінде алынған нәтижелерден туындаған, шетелдік және отандық әдебиет көздеріне сілтеме жасай отырып, дәлелдемелерге нақты негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	Ғылыми-ізденіс нәтижелері негізінде, зерттелетін тұқымдардың жерсіну ерекшеліктері, импортталған етті тұқым малын бағып-күту және азықтандыру жағдайы, импортталған етті тұқым малының өсіп-жетілу көрсеткіштері, физиологиялық көрсеткіштері зерттелеген және де абердин-ангус тұқымы малының үшінші генерацияның өсіп-даму ерекшеліктері, шетелдерден әкелінген малдардың екінші және үшінші генерацияның клиникалық-физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштері анықталған. Сонымен қатар бұқашықтар етінің морфологиялық құрамы, сойыс сапасы бағаланып, шетелден әкелінген малын бағып-күтудің экономикалық тиімділігін анықталған. Сонымен қатар диссертацияның

			<p>негізгі қағидалары «Инновациялар-ауыл шаруашылығына» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Павлодар, 2019 ж. 158-164 б.); VII Глобальная наука и инновации 2019: Центральная Азия (Нур-Султан. 25-28 сентябрь. 2019. №2 (3). 3-7 б.); Перспективы развития современных сельскохозяйственных наук. Выпуск VI. 11 декабря 2019. (г. Воронеж. 17-20 б.) ғылыми-тәжірибелік конференция журналдарында берілген. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспа тізіміне кіретін журналдарда – 2 мақала (- «Зі: Интеллект, идея, инновация» көпсалалы ғылыми журналы (Қостанай, 2019 ж., наурыз. № 1. 81-86 б.); - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (Нұр-Сұлтан, 2020 ж., №1 (104). 29-40 б.) және Scopus халықаралық рецензияланған журналдар базасына енетін журналдарда – 1 мақала (Pacistan journal of zoology. Vol 52(2). Pp 767-774. Doi: https://dx.doi.org/10.17582/journal.pjz/20190226160249) жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған (1) ия;</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми</p>	<p>Ғылыми – практикалық зерттеу жұмыстарының әдіснамасы диссертацияның тиісті бөлімінде сипатталған. Зерттеу әдістемесі және материалдары бөлімінде заманауи және жалпы қабылданған зерттеу әдістері толық айқындалып, зерттеу жұмыстарында қолданылған.</p> <p>Қойылған зерттеу жұмыстары мақсатына жету және міндеттерді орындау үшін зоотехникалық, гематологиялық, клинико-</p>

		<p>зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>физиологиялық жалпы қабылданған арнайы зерттеу әдістері қолданылған және суыққа төзімділік индексі анықталған, Лизоцимдік белсенділігі нефелометрикалық әдіс бойынша <i>M. Lysodeikticus</i> микробын пайдалану арқылы қан сарысуын ФЭК құралында калориметрлеу арқылы зерттелген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста статистикалық мәліметтерді талдау, яғни деректерді биометриялық өңдеу Microsoft Excel бағдарламасы арқылы есептелінген, дегенмен бұл жұмыстың құндылығын төмендетпейді, өйткені қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) ия;</p>		<p>Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында сырттан әкелініп жатқан асылтұқымды абердин-ангус тұқымы малы ұрпақтарының Қазақстанның солтүстік өңірінің суық климаттық жағдайына бейімделу мүмкіндіктерін объективті бағалау, және олардың бейімделу қабілеттілігін теориялық негіздеуде анықталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>		<p>Маңызды мәлімдемелер төменде көрсетілген нақты және сенімді әдебиет көздеріне сілтемелермен расталған:</p> <p>1 Программа «Агробизнес-2020», 15 января, 2013 год./ www.primeminister.kz. 12.03.2019.</p> <p>2 АО «КазАгроИнновация». «Ветеринарные вопросы развития мясного скотоводства Казахстана» // Журнал «Аграрный сектор». – №1(11). – наурыз 2012 ж. Б. 13-14.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби</p>		<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған</p>

		шолуға жеткілікті	әдебиеттер тізімі әдеби шолу бөліміне жеткілікті. Қолданылған әдебиеттер тізімі – 117.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Ж.Е.Титановтың жүргізген ғылыми зерттеу нәтижелерінде алынған барлық ғылыми нәтижелер етті бағыттағы ірі қара шаруашылығын және технологиясын жетілдіру мәселесін шешуге бағытталған. Асылтұқымды абердин-ангустұқымы малының Қазақстанның суық климаттық жағдайына бейімделу қабілеттілігін теориялық негіздеуде қолданылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Шетелден әкелініп жатқан асылтұқымды абердин-ангустұқымы малының үшінші генерация ұрпақтарының Қазақстанның солтүстік өңірінің қатаң климаттық жағдайына бейімделу мүмкіндіктерін объективті бағалауға және олардың бейімделу қабілеттілігін арттыру әдістерін құрастыруда қолданылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Зерттеу нәтижесінде келесі ұсыныстар келтірілген: 1. Солтүстік Қазақстан өңірінің қатаң климаттық жағдайына импортталған абердин-ангустұқымы ірі қара малының генетикалық әлеуетін жақсарту бойынша кейбір физиологиялық көрсеткіштерін ескеріп, селекциялық асылдандыру жұмыстарды жүргізу үшін канадалық селекциядан алынған малдарды қолдану ұсынылған. 2. Импортталған жануар төлдерінің бейімділік қасиетін анықтау барысында, олардың суыққа төзімділік көрсеткіштерін анықтау үшін келесі теңдікті қолдану ұсынылған: $Ka = Tд : 39,1 + TЖ : 31 + ЖСЖ : 84$.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмысты жазу барысында академиялық

			адалдық сақталған, басқа авторлардың ғылыми еңбектерін сілтемесіз пайдалану байқалмады.
--	--	--	---

Ресми рецензенттің шешімі докторант Титанов Жанат Егинбаевич 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне өтініш беру.

Ресми рецензент:

PhD доктор,
«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институты,
Жәңгір хан атындағы ҚСАҚ
ғылыми басылымдар жөніндегі
сарапшысы



Нугманова А.Е.

